

ТАРИХИ АНЫҚТАМА

Талдыбұлақ ауылы

«15» шілде 2011 ж

Талдыбұлақ ауылдық округі аудан орталығының батыс жақ бетінде 70 шақырым жерде орналасқан. Округ аумағына, округ орталығы Талдыбұлақ ауылы және Қазақстан ауылы кіреді. Округтің барлық жер көлемі 55113 га, округ аумағында 2001-2005 жылдар аралығында 280 үйде 1293 адам тұрды.

Соның ішінде:

- зейнеткерлер-135
- ұлы отан соғыс ардагерлер-3
- бюджеттік сала қызметкерлері-67
- студенттер-62
- оқушылар саны-282
- мектепке дейінгі балалар-231 болды.

2001-2005 жылдар аралығында округ аумағында «Көктөбе»ЖШС-нің сауда үйі тұрғындарды қажетті барлық азық-түлік, тұрмыстық-өнеркәсіптік тауарлармен қамтамасыз етіп отырды. Сонымен қатар серіктестікте дәріхана, АЗС, 140 орындық мейрамхана, макарон, ағаш өңдеу цехы және монша ауыл тұрғындарына қызмет етті.

Талдыбұлақ ауылдық округ әкімшілігі 2001 жылдан 2005 жылдың наурыз айына дейін Сырым ауданы әкімі аппаратының құрамында болып, Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жұмыс жасады.

1 әкім, 1 бас маман, 1 маман, барлығы 3 адам жұмыс жасады. Ауылдық әкімшіліктің негізгі міндеті жоғарғы мемлекеттік органдардан берілген тапсырмаларын орындап, азаматтардың құқықтарын қорғау, тұрғындардың арыз-шағым өтініштерін қарау, тұрғындардың әл-ауқатын көтеру болды.

2005 жылдың 15 наурызынан бастап ауылдық әкімшілік «Талдыбұлақ ауылдық округі аппараты» ММ болып аталып, өз алдына заңды тұлға болып, әділет органдарына тіркелді. Осы кезде ауылдық округ әкімі аппаратында 4 мемлекеттік қызметші, 1 әлеуметтік қызметкер, 1 мал саны есебін жүргізуші қызметкер, 1 іс жүргізуші қызметкер, 1 автокөлік жүргізуші қызметкер, 1 еден жуушы қызметкер, 1 аула күтуші қызметкер, барлығы 10 адам жұмыс жасады. Сол кездегі ауылдық округ әкімі аппаратының міндеті жоғарғы мемлекеттік органдардың берілген тапсырмаларын орындап, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру болып қала берді. 2001-2005 жылдар аралығында әр жылдарда мал саны:

Ірі қара-1464-1985

Қой, екші-1553-1628

Жылқы- 126-175 бас болып өзгеріп отырды. Ауылдық округтің жұмыссыз, бос азаматтары өздерінің жеке малдарын бағып, өздерін жұмыспен қамтыса, ал екінші жағынан өздерін арзан азық-түлікпен қамтып отырды.

2001-2005 жылдар аралығында округте 2 ЖШС, 29 шаруа қожалығы тіркеліп, олар егін егумен мал шараушылығымен айналысты. Шаруашылықтар ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып, 189 адам тұрақты жұмыс жасады және

өздерінің өндірген өнімдер бидай, арпа, жем-шөппен ауыл тұрғындарын арзан тауарлармен қамтамасыз етті.

2001-2005 жылдары округ аумағында 282 оқушыға 1 орта мектеп, 1 орталау мектеп жұмыс жасап, 35 мұғалім балаларға білім берді.

Округ орталығында 1 ауылдық дәрігерлік амбулатория, 1фельдшерлік акушерлік пункт жұмыс жасап, 5 арнаулы орта білімді мамандар тұрғындарға қызмет етті. Талдыбұлақ орта мектеп жанынан 1 кітапхана, 1 ауылдық кітапхана жұмыс жасап, тұрғындарға 10526 дана кітаппен, газет-журналдармен қызмет етіп отырды.

2011 жылдың мамыр-маусым айларында округтің 2001-2005 жылдар аралығындағы құжаттарына ғылыми-техникалық сараптау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде № 3 тізімдемеге 2001-2005 жж- 45 с.б., № 3 ж 2005 ж-2 с.б., № 4 тізімдемеге -12 с.б. Барлығы 59 с.б. мұрағатқа тапсыруға өңделіп, жаңа мұқабаларға тігіліп, нөмірленді. 2005 ж дейін аталған округте бухгалтерия орталықтандырылған болды.

№ 3 тізімдемеге-округ қызметіне қатысты аудан әкімдігінің қаулылары, округ әкімі жанында өтетін отырыс хаттамалары, жұмыс жоспарлары, ауылдық округ әкімінің шешімдері, ауылдық округі тұрғындарының жиын хаттамалары т.б., № 3 ж-ауылдық округі әкімінің жеке құрам жөніндегі өкімдері, ЖЗҚ қаражат аудару құжаттары, № 4 тізімдемеге – шаруашылықтардың әліпбилік және шаруашылық кітаптары енгізілді. Тарихи құндылығы мен практикалық маңызын жойған 80 іс жою актісіне жою үшін іріктеп алынды. Сондай-ақ, жетіспейтін құжаттарға да акт жасалды.

Құжаттар мемлекеттік тілде жүргізілген, сақталу жағдайы қанағаттанарлық.

Талдыбұлақ ауылдық округінің

әкімі



С.Б.Оразов.

ТАРИХИ АНЫҚТАМА

Талдыбұлақ ауылы

« 20 » 03 2006 ж

Халық депутаттары Жымпиты аудандық атқару комитетінің 1992 жылғы 1 шілдедегі № 20 өкімімен жаңадан Талдыбұлақ ауылдық кеңесі құрылды.

Қазақстан Республикасының “Жергілікті Кеңестерінің өкілдіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы” 09.12.1993 ж Заңына сәйкес Талдыбұлақ ауылдық Кеңесі таратылып, Талдыбұлақ ауыл әкімшілігі болып құрылды.

Батыс Қазақстан облысы әкімінің 04.04.1994 жылғы № 53 қаулысымен “Қазақстан Республикасының әкімшілік-құқықтық құрылымы туралы” Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Талдыбұлақ ауылдық округі болып құрылды.
(Қ-33, Т-1, I-599)

Талдыбұлақ ауылдық округі аудан орталығынан 55 шақырым жерде орналасқан. Округ аумағының көлемі 55113 га, халық саны 1286. Округте 3 ЖШС және 25 шаруа қожалығы жұмыс жасайды. Округте ауыл тұрғындары үшін дүкен, дәріхана, АЗС, 140 орынды дәмхана, макарон, май сығу, ағаш өңдеу цехтары, монша жұмыс істеуде.

Сауда үйі ашылып, тұрғындарды күнделікті тауарлармен қамтамасыз жасауда. «Көктөбе» серіктестігінің тікелей қолдауымен ауылда 32 орындық «Бөбек» балалар бақшасы ашылды. Округте жалпы білім беретін мектеп, мәдениет үйі бар.

Ауылдық округінің қызметіне азаматтардың құқықтарын қорғау, тұрғындардың арыз-шағым, өтініштерін қарау, салық жинау, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясын орындауларына ықпал ету кіреді.

Ауылдық округтің құрылымы : әкім, бас маман, есепші, маман, статист, атаулы көмек жөніндегі маман, вет инспектор, автокөлік жүргізуші.

Талдыбұлақ ауыл округінің құжаттарына алғашқы рет ғылыми- техникалық сараптау жүргізілді. Нәтижесінде мына тізімдемелер құрылды:

- тұрақты сақталатын істердің № 1 тізімдемесіне 1993-2001 жылдар 28 (жиырма сегіз) іс енгізілді, олар Х.Д. селолық Кеңесінің, ауыл округі әкімінің шешімдері, өкімдері, тұрғындар жиынының хаттамалары, статистикалық жылдық есептер.
- Тұрақты сақталатын істердің № 2 тізімдемесіне 1986-2000 жылдардың әліппелік, шаруашылық кітаптары, барлығы 47 іс енгізілді. 1991-1995 жылғы шаруашылық кітаптардың томдық нөмірі Елтай ауылдық округінен бөлінгендіктен 20 нөмірден басталады, барлығы 47 іс енгізілді.

Жеке құрам жөніндегі құжаттар аудан әкімшілігінде болғандықтан жасақталған жоқ. Сақтау мерзімі өткен, тарихи құндылығы жоқ 55 (елу бес) іс көлеміндегі құжаттарға акт жасалды. Оны сақтау жағдайы қанағаттанарлық.

Талдыбұлақ ауылдық округінің
әкімі

Cef.

С.Б.Оразов.

Мемлекеттік мұрағаттың
Сырым филиалының директоры

Elbol

Ғ.Рамазанов.